

**Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы “Мір”
№3 қамқоршылық кеңес хаттамасы**

Өткізілген күні: «08» сәуір 2024 жыл

Өткізілген орны: Музыкалық зал

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: 0

Төраға: Жиенбаева М.Б

Хатшы: Рахатова А.Б.

КҮН ТӘРТІБІ

2023–2024 оқу жылындағы жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру туралы.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Едигина Жадыра Оңдасыновна 2023–2024 оқу жылының аяқталуына байланысты жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөнінде баяндама жасады. Баяндамада тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, жаз мезгілінде қауіпсіз және мазмұнды демалысын ұйымдастыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында жоспарланған жұмыстар таныстырылды.

Жазғы сауықтыру кезеңінде таза ауадағы серуендерді көбейту, спорттық жарыстар, қимылды ойындар, дене шынықтыру шаралары, табиғат аясындағы бақылаулар, шығармашылық және танымдық іс-шаралар өткізу жоспарланғаны айтылды.

Медбике _____ балалардың денсаулығын сақтау, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, күн өту мен түрлі жарақаттардың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарға тоқталды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша өз ұсыныстарын енгізді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2023–2024 оқу жылындағы жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітілсін.
2. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру, спорттық және танымдық іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілсін.
3. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.
4. Серуен алаңдары мен ойын құрылғыларының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрақты бақылауда ұсталсын.
5. Жазғы сауықтыру кезеңінде ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
6. Қаулының орындалуын балабақша әкімшілігі мен Қамқоршылық кеңес бақылауға алсын.

Дауыс беру нәтижесі:

- Қолдады – 10 адам
- Қарсы – жоқ
- Қалыс қалды – жоқ

Шешім бірауыздан қабылданды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:

Балабақша меңгерушісі:



1. Именева А.Б.

Евгения К.